

1-жаттығу. Ғылыми-көпшілік стильге сай тілдік құралдарды орынды қолданып, Алматы қаласындағы биік ғимараттар туралы мақала жазыңдар. Төмендегі ақпараттарды негізге алыңдар. «Қазақстан» қонақ үйі 25 қабаттан тұрады, ғимараттың биіктігі – 107 метр. «Есентай Тауэрс» – Алматыдағы ең биік ғимарат, 36 қабаттан тұратын бизнес орталығының биіктігі – 168 метр. «Алматы Тауэрс» – көп қабатты бизнес кешені, 25 қабаттан тұратын екі мұнараның биіктігі – 100 метр.

2-жаттығу. Сөйлемдердің тиісті жеріне қос нүкте мен нүктелі үтірді қойып, көшіріңдер. Қойылу себебін ереже бойынша түсіндіріңдер.

1. Бауырласың болмаса, жолдас ізде жақсы жолдас – бауырлас (Ж.Баласағұни). 2. Аға-жеңгесіне кезек қарап «Кегім, кегім кетті!» – деді (М.Әуезов). 3. Абай жігіттері Жиренше, Ербол, Базаралылар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр (М.Әуезов). 4. Табиғатына қарай күштерді төрт түрге бөледі гравитациялық, электромагниттік, ядролық, әлсіз («Физика» оқулығынан). 5. Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық (Абай). 6. Жаман дос көлеңке басыңды күн шалса – қашып құтыла алмайсың басыңды бұлт алса – іздеп таба алмайсың (Абай).

3-жаттығу. Өз өңірлеріңдегі заманауи ғимараттар туралы мәлімет жинақтап, презентация жасаңдар.